



Әлеуметтік желі мен медиадағы бейбіт митиңдердің образын зерттеу



Әлеуметтік желі мен медиадағы бейбіт митиңдердің образын зерттеу

Кіріспе:

Бейбіт наразылық я демонстрация ретінде белгілі бейбіт митиңдер, әлеуметтік, экономикалық не саяси мәселелер бойынша өз пікірін немесе наразылығын білдіру үшін жеке адам я болмаса топтар ұйымдастыратын қоғамдық жиындар. Мұндай митиңдер әдетте зорлық-зомбылықсыз өтеді және күш жұмылдыруға, бейбіт жолмен өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталады. Көп елде бейбіт митиң сөз бостандығы мен жиынның негізгі құқығы ретінде заңмен қорғалған.

Мемлекеттік пропаганда, керісінше, қоғамдық пікірді қалыптастыру және белгілі бір мәселелердің айтылуын бақылау мақсатында мемлекет қарамағындағы бұқаралық ақпарат құралдарының біржақты не жаңылыстыратын ақпарат таратуын көздейді. Мемлекеттік пропаганда әртүрлі формада, соның ішінде цензура, жалған ақпарат пен наразы көңіл-күйдегі көзқарастарды демонизациялау түрінде жүргізіледі.


Бейбіт митиңдер мен мемлекеттік пропаганданы зерттеу бірнеше себепке байланысты маңызды: **біріншіден**, бұл азаматтардың демократиялық өзгерістерге қатысуын ынталандырудағы не тежеудегі медианың рөлін көрсетеді. **Екіншіден**, қоғамдық дискурс пен пікірді қалыптастыруда рөл атқаратын билік пен мүдделердің негізгі динамикасын ашуға көмектеседі. **Үшіншіден**, әлеуметтік және саяси мәселелерді шешуде мемлекеттік саясат пен медиа стратегияларының тиімділігі туралы түсінік береді.

Кейінгі жылдары көптеген елдің азаматтары көшеге шығып, құқықтар мен бостандықтарды кеңейтуді, әлеуметтік әділдік пен саяси реформаларды талап ететін жаһандық саясаттың көрнекті белгісіне айналды. Алайда, бұл митиңдер өзгерістерге я сыни пікірлерге қарсы мемлекет тарапынан айтарлықтай қиындықтар мен қуғын-сүргінге тап болуы мүмкін. Көптеген мемлекет бейбіт митиңге бұқаралық ақпарат құралдарында оларды елемей, цензура жасап не ұлттық қауіпсіздікке пен әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп ретінде көрсету арқылы жауап береді.

Қазақстандағы бейбіт жиындар туралы Заңға президент 2020 жылғы 25 мамырда қол қойды. Ол азаматтарға бейбіт жиналу, жиналыстар, митингдер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізу құқығын береді. Алайда, заң сонымен қатар бейбіт жиындар мамандандырылған жерлерде өткізілуі керек деп белгілейді және билікке бес күн бұрын хабарлауды талап етеді.

Заң кейбір құқық қорғаушылар мен белсенділердің сынына ұшырады, олар оны демократиялық емес және сөз бостандығын шектейді деп санайды. Сондай-ақ бейбіт жиындарға қатысушылардың заңды немесе басқа әкімшілік ережелерді бұзғаны үшін ұсталу мен айыппұл салу жағдайлары тіркелген.

Материалда біз бейбіт митингдер жиі кездесетін, бірақ бұқаралық ақпарат құралдарында шектеулі не біржақты жарияланатын Қазақстанның медиа кеңістігіндегі бейбіт митингдер образын талдаймыз. Қазақстандағы мемлекеттік және тәуелсіз БАҚ бейбіт митингдерді қалай бейнелейтінін және мұның азаматтардың демократиялық өзгерістерге қатысуына қандай салдары бар екенін болжаймыз. Біз сондай-ақ саяси элитаға Қазақстандағы бейбіт митингдерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды жақсарту және неғұрлым инклюзив, демократиялық қоғам құруға ықпал ету туралы ұсыныстар жасаймыз.



Методология

Бұл зерттеу жұмысымызда кейінгі 3 жылдағы ең ірі бейбіт митингдер мен қарсылық акцияларын қамтуға тырыстық. Осы орайда медиа саласында тәуелсіз зерттеумен, бақылаумен айналысып жүрген эксперттермен ақылдаса келе 4 кейсті алдық. Олар:

- 2021 жылы 10 қаңтардағы “Oyan, Qazaqstan” қозғалысының митингі;
- 2021 жылы 8 наурыздағы гендерлік теңдікке арналған марш, митинг;
- 2021 жылы 6 шілдедегі Демпартия басшысы Жанболат Мамай және жақтастарының митингі;
- 2022 жылы 12 маусымдағы Алматыдағы “заңсыз” құрылысқа қарсылық акциясы.

Жоғарыдағы 4 кейсті таңдап алғанда мына категорияларға назар аудардық:

- Митингге жиналғандардың саны;
- Қоғамдық маңызы;
- Тарау деңгейі;
- Көтерген проблемалары.
- Мониторингте медиа кеңістіктегі бейбіт митингдердің образын барынша ашу үшін қазақстандық 6 сайт, 6 Facebook парақша, 9 қоғамдық пікір лидері (ҚПЛ) мен 2 You Tube парақша таңдалды. 6 сайттың ішінен 1 тәуелсіз, 3 гибрид және 2 мемлекеттік сайтты алдық. Аталған 6 сайтты мына категорияға бөліп қарастырдық:
- Тәуелсіз — мемлекеттен ешқандай да тапсырыс алмаған, қаржы көзі ашық;
- Гибрид — ақпарат тарату саясаты мен қаржы көзі күмәнді;
- Мемлекеттік — мемлекеттен тапсырыс алу арқылы күн көретін сайттар.

Тәуелсіз сайт: Azattyq, 3 гибрид: Masa Media, Ulys Media мен Qamshy.kz және 2 мемлекеттік медиа ретінде Egemen.kz пен Qazaqstan.tv жаңалықтар бөлімін қарастырдық. Жоғарыда аталған сайттарды Goszakur.gov.kz-тен мемлекеттік тапсырыс алып/алмағанын анықтадық. Azattyq, Masa Media және Ulys Media осы уақытқа дейін мемлекеттен тапсырыс алмаған. Qamshy, Egemen және Qazaqstan телеканалы мемлекеттен тапсырыс алған. Ал өзін гибрид ретінде көрсетіп жүрген Masa Media, Ulys Media не мемлекеттен тапсырыс алмаған не қаржы көзін қайдан алатыны туралы нақты ақпарат жоқ. Qamshy.kz болса соңғы рет 2021 жылы шілдеде тапсырыс алған, содан

бері қаржыны қайдан алып отырғаны белгісіз. Сол үшін де біз іріктеген кезде осы категорияларды қарадық. Жалпы сайттарды таңдағанда мына индикаторларға назар аудардық:

- Көрілім;
- Аудитория;
- Меншік түрі;
- Таралуы, ретрансляция, комментарий саны.

Ал қоғамдық пікір лидерін Facebook-те белсенділігіне қарап таңдадық. Олардың тізімі төменде:

- Мұхамеджан Тазабек;
- Мұхтар Тайжан;
- Арман Шораев;
- Мұрат Әбенев;
- Айгүл Орынбек;
- Дина Елгезек;
- Асхат Қасенғали;
- Расул Жұмалы;
- Думан Бықай.

ҚПЛ мына индикаторларға байланысты таңдалды:

- Белсенділігі (пост арасының жиілігі);
- Жазылушы саны;
- Комментарий саны;
- Бөлісу саны;
- Лайк саны.

Қалған 6 Facebook парақша мен 2 You Tube парақша олардың танымалдылығы мен пост жиілігі үшін таңдалды. Олар:


- Жаңа Qazaqstan
- МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР
- Шындықтан қаша алмайсың
- ZTB
- Rukh2k19
- Qumash
- Нартай Аралбай
- Ave Adikus

Жоғарыда аталған парақшалар мына критерий бойынша таңдалды:

- Жазылушылар белсенділігі/саны;
- Комментарий саны;
- Ретрансляция.
- Бөлісу саны;
- Лайк саны.

Мониторинг нәтижесінде әртүрлі ақпарат көзінен іріктеп алынған мәтін тонын анықтаймыз. Мәтін авторының айтар ойын, стилін, беру тәсілін 4 түрлі тонға бөлеміз:


- Қатаң негатив — зорлық-зомбылыққа, кемсітуге, ұрып-соғуға және жеккөруге үгіттейтін тон;
- Орташа негатив — зорлық-зомбылықты, кемсідуді ақтау, бейбіт митингке шыққандарды айыптау, кінәлау;
- Жұмсақ негатив — нарративтерді тарату әрі өндіру, белгілі бір образды қалыптастыру, біржақты баға беру;
- Нейтрал — бейбіт митингдер жайлы ақпаратты объектив беру, ешқімді қолдамау, айыптамау және кінәламау.



Мониториң нәтижесі

Мониториң жасалған медиа, әлеуметтік парақша мен қоғамдық пікір лидерлерінің ауқымы кеңдігіне қарамастан, жалпы митиң туралы жазба мен жаңалық саны аз. Яғни бейбіт түрде өткен жиындардың медиадада репрезентациялану деңгейі төмен. Бейбіт жиындар туралы барлығы 59 жазба мен жаңалық табылды. Оның 44-і нейтрал, 11-і орташа негатив, қалған 4-і жұмсақ негатив тонда жазылған.

Бейбіт митиң туралы жазба/жаңалықтың тонына қарай бөлінуі



Нейтрал тонда жаңалық пен талдау жазған медиалардың 3-і гибрид медиаға, 19-ы тәуелсіз медиаға, ал негатив тондағы жазбаның 1-і мемлекеттік медиаға тиесілі.

Парақшалардан 21 пост табылды, оның 19-ы нейтрал болса, қалған 4-і орташа негатив тонда жазылған. Посттың көбінесе нейтрал болуы — парақшалардың митиң туралы “хабарландыру” форматында болғандығымен түсіндіріледі. Ал негатив посттарды топ басшылары жазған. Facebook әлеуметтік желісіндегі аудиториясы үлкен 3 парақшаға да 2021 жылы 8 наурыздағы гендерлік теңдікке арналған марш, митиң туралы бір қолданушы бір мәтіндегі постты жариялағанын айта кеткен жөн.

YouTube әлеуметтік желісінде 2 арна таңдалғанына қарамастан, “Ave Adikus” арнасындағы саяси-әлеуметтік тақырыптағы жаңалықтар мен бейнелердің барлығы дерлік өшірілген, ал журналист Нартай Аралбай арнасында митингдер туралы сөз қозғамауға тырысады. Журналистің арнасы тек 2021 жылғы 8 наурыздағы гендерлік теңдікке қатысты марш пен митинг туралы қонақтарына бірнеше сұрақ қояды, ал қонақтары негатив түрде жауап қатады.

Таңдалған қоғамдық пікір лидерлерінен (ҚПЛ) бейбіт митингке қатысты тек 10 жарияланым табылды, оның 7-і гендерлік теңдікке арналған митинг мен марш туралы негатив пікір (4 жұмсақ негатив тондағы, 3 орташа негатив тондағы пост). Қалған 3 пост басқа митингдер туралы болды, оның барлығы нейтрал тондағы жазба. Яғни ҚПЛ да жеке парақшаларында бейбіт жиындар туралы ашық әрі жиі жазудан тартынады.



Пропагандадағы негізгі нарративтер мен символдар

Пропаганда қоғамдық пікірге әсер ету үшін әрқашан сендіру әдістеріне сүйенді, бұл үшін символдар мен нарративтер ерекше маңызға ие. Адам эмоциясына әсер етіп және күшті даралық я байланыс сезімін қалыптастыру арқылы пропаганда қабылдау мен мінез-құлықты қалыптастыруда тиімді болуы мүмкін. Пропаганда күші — адамның қорқынышымен, тілектерімен және сезімімен байланысатын тартымды нарративтер жасау қабілетінде жатыр. Тілді, бейнелерді және символдарды мұқият қолдану арқылы үгіт-насихат қоғамдық пікірді басқара алады және саяси дискурсты күшті тәсілдерін қалыптастырады.

Заманауи пропагандашылар аудиторияға өз хабарламаларын жеткізу үшін таңбалардың, символдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өте кең спектрін қолданады. Таңба реактор үшін (белгілі бір таңбаға реакция танытатын адам) ерекше маңызы бар белгіні білдіреді. Екі не одан көп реактор, әрине, бір таңбаға әртүрлі мағына бере алады. Мысалы, фашистер үшін свастика нәсілдік үстемдік пен жойқын әскери күштің символы болса, кейбір Азия және Солтүстік Америка халықтары үшін бұл жалпыға ортақ бейбітшілік пен бақыттың символы саналады. Сондықтан медиадағы бейбіт митиң образын түсіну үшін мемлекеттік пропаганданың негізгі символдары мен нарративтерін әлеуметтік-тарихи контексте талдау қажет.

Мониторинг нәтижесіне сай, басты символика мен нарративті таратушылар ресми тіркелген медиа қауымдастықтар емес, қоғамдық пікір лидерлері мен әлеуметтік топтар. Мұның келесідей түсіндіруге болады: аудиторияның мәдени, тарихи және әлеуметтік фактор салдарынан пропагандашыларға біржақты қарауы мүмкін, тиісінше (мемлекет) өзіне деген жағымды көзқарастарынан айыруы ықтимал. Мұндай жағдайларда агенттерді қолдану іске қосылады. Біз агенттердің бірнеше негізгі риторикасын анықтадық:

Қазақ елі риторикасы: Қазақ ұлты концепциясы — мемлекеттің ұлттық даралықты (identity) адамдардың пікірі мен іс-әрекетіне ықпал ету құралы ретінде пайдалану үлгісі деуге болады. Бұл жағдайда қазақ ұлты қазақстандықтарда бірлік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру, үкіметке я қандай да бір саяси идеологияға адалдықты насихаттау үшін пайдаланылуы мүмкін.

- “ «Қазақ әйелдерінің қолынан "Менің жатырым-менің ережелерім», «Күштің жынысы жоқ», «Ана болу міндет емес" деген ұрандарды көру қандай қасірет еді?!»
- “ «Ұрандары да қазақ ұлтының дүниетанымына қайшы. Әйелге қырындаған, жылы сөз айтқан еркектерді түрмеге қамау қажет деп аттандапты.»
- “ «Ашығын айтқанда осының бәрі орысша тәрбие бергеннің нәтижесі. Қазақы тәрбие алған қыз бала ар-ұяттан аттамайды. Құдайға, табиғат заңына қарсы келмейді.»
- “ «Біздің қазақ қоғамы ешқашан әйелді кемсітпеген, оларға кемдік те көрсетпеген. Қайта әйелді отбасының, тіпті Отанның береке, ұйытқысы деп, құрмет тұтқан. Қызды төрге шығарып, әлпештеп өсірген»

Тарихқа сүйенген риторика: Пропаганда өз ойын жеткізу үшін көбінесе тарихқа сүйенеді. Оны аудиториямен эмоционалды байланыс орнату үшін пайдаланса, бұл пропаганданы тиімдірек етеді. Тарихты пайдалана отырып, мемлекеттік насихат сонымен қатар күрделі мәселелерді жеңілдетіп, аудиторияның түсінуін және қабылдауын оңайластырады.

- “ «Қазақ халқы о бастан үкілеген қызын төрге отырғызып, аяулы ананы ардақтап, асыл жарын құрметтеп өскен халық. Бірақ, ешуақытта қазақ әйелі пір тұтатын ерімен өзін теңестіріп, ерсілік жасамаған, әйелге тән әдебімен, пайым-парасатымен қасиетті саналады»
- “ «Қазақ халқы да әйелді сан ғасыр құрмет тұтып келеді. Еуропа әйелді мыстанға теңеп, отқа жаққанда, арабтар тірідей жерге көмгенде, біз қадір тұтып, қастерлегенбіз.»

Патриархалдық қоғам риторикасы: Патриархалды қоғамдағы әйел мен еркектің бейнесі көп пропагандаға ортақ белгі. Ол дәстүрлі гендерлік рөлдерді нығайтады. Мұндай жағдайда ерлер доминант фигура, ал әйелдер бағынышты және мойынсұнғыш ретінде көрсетіледі. Символ көбінесе консерватив не дәстүрлі құндылықтарға жүгіну, сондай-ақ кво-статусын күшейтетін гендерлік стереотиптерді насихаттау үшін қолданылады.

- “ «Еркек біткен жауапкершілік алу мен қызғану қасиетінен айырылу алдында тұр. Қыз қылықты болғаннан гөрі өткінші қызықтарға білікті болуды қалайды. Әйел

еркекке жөн айтсам - еркіндігімнің белгісі, көптің назарында көркем көрінсем еркелігімнің белгісі деп есептейді»

- “ *«Қазақ халқы о бастан үкілеген қызын төрге отырғызып, аяулы ананы ардақтап, асыл жарын құрметтеп өскен халық. Бірақ, ешуақытта қазақ әйелі пір тұтатын ерімен өзін теңестіріп, ерсілік жасамаған, әйелге тән әдебімен, пайым-парасатымен қасиетті саналады»*
- “ *«Қазақ әйелінің образы тек мейірім мен махаббатқа, әдемілік пен әсемдікке құрылған. Әйел – ұлттың сақтаушысы. Өйткені ол ең алдымен – ана.»*

Өзгерістерге үміт риторикасы: пропаганда адамдарды белгілі бір саяси күн тәртібін қолдауға сендіру үшін өзгерістер туралы жиі уәде береді. Адамдардың қазіргі жағдайға көңілі толмай, наразы болса, өзгерістерге деген үміт идеясы күшті мотиватор болуы мүмкін. Өзгерістердің болуы мүмкін деген идеяны насихаттау арқылы адамдарда оптимизм сезімін тудырып, оларды әрекетке итермелеуі мүмкін. Мұндай риториканың жаңа толқыны басталғаны Қасым-Жомарт Тоқаев президентікке келгелі көбірек байқалады.

- “ *«Президент жаңа үкімет пен алдағы реформалар туралы мәлімдеді. Көрейік, кадрлар бәрін шешеді. Қаңтар қызықты болғалы тұр»*

Белсенділерді дегуманизациялау риторикасы: пропаганда өзгерісті талап ететін белсенділерді радикал, бұзақы не бейгуманды деп көрсетеді. Бұл белсенділердің талаптарының беделін түсіру және басқаларды олардың ісіне қосылудан бас тарту үшін пайдаланылуы мүмкін. Белсенділерді осылай көрсету арқылы пропаганда қоғамдық санаға олардың талаптары негізсіз, шектен шыққан, қоғамға қауіп төндіреді деген ойдың дәнін себеді.

- “ *«Бірақ кешегі шеру ішіндегі «Жатырымыз өзіміздікі, оны не істейтінімізді өзіміз шешеміз» деген ұрандар көтерген құрамы күмәнді топтарды көргенде қаны бар елдің қаны қайнауда...»*
- “ *«Шеруде бір жыныстылардың бір-біріне үйленуін үндейтін, жезөкшелердің құқын қорғауға шақырған жын-жыбырлардың жалаулары да жалбырап жүр екен...»*

- “ «Мұндай көтерілістердің болуына сырттай мүдделі топтар бар ма деген ой да қылаң береді. Олай дейтініміз, кейбір әлеуметтік желі қолданушылары шеру кезінде ЛГБТ туын көзіміз шалып қалды дегенді айтып жатыр. Бұл шерудің астарында ұлтымыздың бірлігін шайқалтқысы келгендердің арам пиғылы жатпасын. Арандап қалмайық.»
- “ «Тайланд айналдырған 10-15 жылда трансгендерлердің отанына айналды. 70 млн тұрғыны бар және демографиялық өсімі жыл сайын артып келе жатқан тайлықтар үшін бой-ледилердің бар -жоғы бәрібір шығар. Ал 10-ақ миллион қазақ үшін апат қой, қарақтарым-ау...»

Медиа мен әлеуметтік желілердегі ақпаратты салыстыра талдау

Негізінен митиңдер бейбіт сарында, қоғамдағы проблемаларды ортаға шығарып, шешу жолдарын ұсынады. Ал осы тұста митиңнің негізгі айтар ойын халыққа жеткізуде әрі таратуда медианың маңызы зор. Сол үшін де біз 6 түрлі ақпарат көзін таңдадық әрі оны мемлекеттік, гибрид және тәуелсіз категорияларына бөлдік. Барлық ақпарат көзі елдегі бейбіт митиң жайлы әртүрлі форматта ақпарат жариялайды. Тіпті кейбір сайттар митиң туралы сөз қозғамайды. Бұл журналистік принципке қарсы келетіні анық. Кез келген медиа мейлі тәуелді не тәуелсіз болсын азаматтық қоғам өкілдерінің көтерген мәселелерін барынша таратуы керек. Ал азаматтық қоғам өкілдері өздерінің ашық ойларын, наразылықтарын бейбіт жиындарда айтады.

Бірінші кезекте жоғарыда көрсетілген 4 кейс бойынша сайттарда жарияланған ақпаратты 3 дискурсқа бөліп қарастырамыз:

- “ Мемлекеттік медиадағы дискурс (тіпті жарияланбауы мүмкін);
- “ Гибрид медиадағы дискурс (жарияланған ақпарат, қасқа материал, жаңалық және заметка мысалында);
- “ Тереңдетілген дискурс (не үшін митиң болып жатыр, себебі, не мәселе көтерді, митиңге шыққандармен сұхбат және т.б.)

Мемлекеттік медиадағы дискурс (тіпті жарияланбауы мүмкін)

Мемлекеттік медиадағы дискурс бейбіт митингдер жайлы қоғамдық пікірдің қалыптасуына кереғар әсер етеді. Бұл туралы Ноам Хомский және Эдвард Херман “Manufacturing Consent: The Political Economy of the Mass Media” атты еңбегінде критикалық анализ жасаған. Хомскийдің айтуынша, мемлекеттік медиа не БАҚ көбіне үкімет пен белгілі бір тұлғалардың мүддесіне сай жұмыс істейді. Сондай-ақ ол идеологияның әрі пропаганданың құралы ретінде жиі көрініс табады.

Авторлар БАҚ-тың демократия иллюзиясын құру жолында қалай жұмыс істеп жатқанын көрсету үшін “manufacturing consent” (өндірістік келісім) метафорасын қолданады. Олар мемлекеттік дискурстың бес фильтрден тұратынын атап өткен: меншік, жарнама, дереккөз, күштік құрылым және антикоммунизм-идеология. Меншік дискурсы БАҚ белгілі бір корпорацияларға немесе мемлекетке тиесілі әрі status-quo-ны сақтау жолында жұмыс істейді деп келтіреді. Жарнама дискурсы БАҚ-тың өмір сүруі үшін арнайы төленген жарнамадан түсетін табысқа тәуелді екенін көрсетеді. Яғни олар белгілі бір деңгейде жарнама берушінің табысына, жұмысына кері әсер ететін ақпарат таратуға құлықсыз. Дереккөз фильтрі журналистердің ақпарат алу әрі тарату жолында ресми дереккөздерге сүйенетіні жазылған. Бұл дегеніміз, БАҚ көбіне мемлекеттік органдар мен корпорация өкілдерінің берген жауабына ғана тәуелді, басқа дереккөздерді қарастырмайды. Күштік құрылым дискурсы ықпалды топтардың БАҚ-тағы ақпаратты өздерінің көзқарастарына сәйкес келтіру үшін қысым жасау, байкот, заңды әрекеттермен қорқыту және жала жабу сияқты түрлі әдістерді пайдаланады. Сол арқылы басымдықтарын көрсетеді. Ал антикоммунизм-идеология дискурсы болса БАҚ-тың жаңалықтар арқылы мемлекет мүддесіне қарсы шыққан түсініксіз “топтың” бар екеніне сендіріп, халықты ортақ бір “жауға” қарсы жұмылдырады. Бұл көптеген автократ мемлекеттің қолданатын тәсілі.

Авторлардың ойынша, бұл 5 фильтр ықпалды топтардың (оның ішінде мемлекет те бар) мүдделеріне сай көзқарасты қалыптастыру үшін медиа-жүйені құру жолында бірге жұмыс істейді. Осылайша мемлекеттік

БАҚ-тағы дискурс белгілі бір топтардың ықпалынан шыға алмай, қоғамда болған оқиғаларға көбіне біржақты көзқарас ұстанады немесе елемеуге тырысады.

“Сыртқы күш”, ЛГБТ және “әйел — ана” дискурсы

Мемлекеттік медиа ретінде іріктеп алынған Egemen.kz пен Qazaqstan.tv телеарнасының жаңалықтар бөлімі біз таңдағын 4 кейс бойынша тек бір ғана материал шығарды. 2021 жылы 10 наурызда Egemen.kz сайтында “Теңдік пен кемдік” деген атаумен материал шықты. Материал о бастан “*біздегі әйелдердің ақ дегені алғыс*” деген көзқарасты алға тартады. Негізгі қоятын сұрақтары мынау: Олар «*әйелге теңдік бер*» деп қандай теңдікті сұрап жүр? Жалпы әйел теңсіздігі деген бар ма өзі бізде? Оның көріністері қандай? Қай әйел алаңсыз алшаң басып жүре алмай жүр? Яғни автордың ойынша, әйел бейбіт митиңге шығып, құқықтарын талап ету үшін міндетті түрде зәбір көріп, дискриминацияға ұшырап, қоғамнан шеттетіліп, құлдыққа түсуі керек.

Сондай-ақ, біздегі мемлекеттік медиа “әйел теңдігі” деген кезде көбіне Иран, Ауғанстанмен салыстыруға құмар. Мысалы: “*Шаштарын жайып, етегін қысқартып, ашық-шашық жүрсе де оларға ешкім «тәйт» демейді. Иран, Ауғанстан елдерінің әйелдері секілді ошақ қасынан ұзай алмай, пұшайман күй кешіп жүрген әйелдерді де көрмедік*”. Осы арқылы теңдік сұраған әйелдерді “шүкір етуге” шақырады. Әлбетте, “*біздің қазақтың қоғамы мынадай*”, “*әйел — ана*” тіркестерін айтып өтпеу мүмкін емес. Яғни әйелдің ең бірінші миссиясы ол — ана болу, ал ондай әйелдерді біздің қазақ әрқашан сыйлаған деген таптаурын ойды одан әрмен өндіреді. Мысалы: “*Біздің қазақ қоғамы ешқашан әйелді кемсітпеген, оларға кемдік те көрсетпеген. Қайта әйелді отбасының, тіпті Отанның береке, ұйытқысы деп, құрмет тұтқан. Қызды төрге шығарып, әлпештеп өсірген. Қазақ әйелінің образы тек мейірім мен махаббатқа, әдемілік пен әсемдікке құрылған. Әйел – ұлттың сақтаушысы. Өйткені ол ең алдымен – ана. Ал әлгі көшеге ұрандатып шыққандар «әйел бала тууға міндетті емес» депті. Бұл – қазақтың бітім-болмысына, менталитетіне мүлде жат қылық. Жалпы әйелдің жаратылысына кереғар ұғым*”.

Соңында “*бұндай митиңдердің артында сырттай күш тұр, себебі ЛГБТ туы бар*” деген дискурс бар. Яғни жалпы митиң ұйымдастырушыларының артында біреу бар, ол әрине сыртта

басқарып отыр деген қате көзқарасты қалыптастырады. Мысалы: *Мұндай көтерілістердің болуына сырттай мүдделі топтар бар ма деген ой да қылаң береді. Олай дейтініміз, кейбір әлеуметтік желі қолданушылары шеру кезінде ЛГБТ туын көзіміз шалып қалды дегенді айтып жатыр. Бұл шерудің астарында ұлтымыздың бірлігін шайқалтқысы келгендердің арам пиғылы жатпасын. Арандап қалмайық.*

Елемеу дискурсы

Қазір мемлекеттік БАҚ бейбіт митингдер туралы ақпарат таратуда құлықсыздық танытып келеді. Оны 4 кейс бойынша тек бір ғана материалдың шыққанынан аңғаруға болады. Оның өзі митингке шыққандар туралы сырттай субъектив баға берілген. Бейбіт митингдер туралы тым болмаса қарапайым жаңалық ретінде неге бере алмағаны түсініксіз. Біз осынау сұраққа жауап іздеп көрдік.

Ноам Хомский және Эдвард Херман «Manufacturing Consent: The Political Economy of the Mass Media» атты еңбегіне сай, мемлекеттік БАҚ-тың бейбіт митингдер және ондағы оқиғалар жайлы ақпарат жарияламауы — бейтарап журналистік тәжірибені көрсетпейді. Керісінше мұны билік құрылымдары әрі ықпалды топ көзқарасының айнасы ретінде сипаттайды. Сондай-ақ, бейбіт митингдерді көрсетпеудің бірнеше себебін айтады:

- *Үкімет не мемлекеттік БАҚ иелері беделіне не саясатына қарсы келетін оқиғаларды жариялағысы келмеуі;*
- *Мемлекеттік БАҚ белгілі бір саяси немесе идеологиялық көзқарастарға біржақты қарауы;*
- *Оқырманды, аудиторияны қызықтыратын, рейтинг әкелетін тақырыптарға басымдық беруі (жарнама берушінің талабы бойынша);*
- *Бейбіт митингдерді баспасөзде жариялауға лайық емес деп санауы.*

Жалпы алғанда ақпаратты жарияламаудың өзі — реакция. Оның өзі мемлекеттік БАҚ-тың позициясын білдіреді. Бейбіт митингдер көбіне status-quo қаупі ретінде қарастырылады. Осылайша, әлеуметтік өзгерістер мен прогрестердің жолы шектеледі.

Гибрид медиадағы дискурс (жарияланған ақпарат, қысқа материал, жаңалық және заметка мысалында);

Гибрид медиа ретінде іріктеп алынған Masa Media, Ulys Media мен Qamshy.kz-те 4 кейс бойынша 5 материал жарық көрді. Барлығы дерлік нейтрал форматта. Мемлекеттік медиамен салыстырған барынша ақпараттандыруға тырысқан. Нақты бір жақты жақтап не даттаған тіркестер байқалмады. Барынша бейтарап позицияны ұстанған. Ақпараттандыру барысында митиңдердің қалай өткенін, кім ұйымдастырғанын, айтылған ұрандарды, көтерген мәселелерді қамтуға тырысқан. Фоторепортаж жасаған, митиңге шыққандар арасында бір-екі ауыз пікір де бар. Нақты бір дискурсты ортаға шығарып, оны өндірді деп айта алмаймыз.

Тереңдетілген дискурс (не үшін митиң болып жатыр, себебі, не мәселе көтерді, митиңге шыққандармен сұхбат және т.б.)

Тәуелсіз медиадағы дискурсты біз “тереңдетілген” деп атауды жөн көрдік. Себебі бұл медиалар тек ақпарат таратумен қоймай себеп-салдарын және проблемаларды ашып көрсеткен. Және де қоғамның берген бағасын көрсетуге де тырысқан. Тәуелсіз медиа ретінде таңдап алынған Azattyq.org сайтында 4 кейс бойынша 17 материал жарық көрген. Тек қана ақпараттандырып қоймай, эксперттердің де пікірін қосқан.

Мысалы 2021 жылғы 8 наурыздағы маршқа байланысты материалда жаңалықпен шектелмей, бірнеше эксперттің пікірі арқылы проблемаларды көрсеткен. Сондай-ақ әлеуметтік желідегі қоғам пікірін, қарсылығын да қосқан. Яғни бірнеше дискурсты екі тараптың пікірі арқылы ортаға шығарған. Бірі - әйел құқығы - адам құқығы дегенді алға тартса, екіншісі “қазақы тәрбиеге, дәстүріне қайшы” дегенді көрсеткен. Екі дискурстың да қазіргі таңда бір біріне қарама-қайшы екені байқалады.

Немесе 2021 жылы 6 шілдедегі Демпартия өкілдерінің митиңі жайлы сериялық материалдарды мысалға келтіруге болады. Алғашқысы 6 шілдеде сағат 11:46-да жарық көрсе, кейінгісі 10 шілдеде 22:06-да шықты. Осы 4 күн аралығында 6 материал жарияланды, барлығы бір митиң жайында. Бейбіт

митиңге шыққан адамдар туралы қарапайым жаңалықтан бастап, полицияның кетлиңге алғанын, жарақат алған, полиция ұстап әкеткен адамдарға дейін жазып отырды. Ақпаратта жазылған негізгі дүниенің бірі - митиіге шыққандардың талабы.

Тәуелсіз медиа ретінде таңдап алынған Azattyq.org сайты ақпарат таратуда барынша бейтарап позицияда болды. Қоғамдағы қатып қалған нарративтерді, проблемаларды, дискурстарды митиңге шыққан адамдардың талабымен, эксперттердің пікірімен беруге тырысты. Сондай-ақ оларға қарсы пікірдің де бар екенін екінші тараптың әлеуметтік желіге жариялаған посттары арқылы көрсетті.

Қорытынды

Жалпы алғанда, Қазақстандағы бейбіт митиңдер жайлы ақпарат таратуда мемлекетке тиесілі медиалар (сайттар) барынша көз жұма қарайды. Ақпарат таратса да белгілі бір тақырыптарды ғана қозғап, оның өзін ұлтқа, дәстүрге не менталитетке байланыстырып, нарратив шеңберінде субъектив баға беретінін байқадық. Мемлекеттік медиалар бейбіт митиңдер образын не біржақты бағалайды, не мүлде елемеуге тырысады. Оны кейінгі 3 жылда біз таңдаған 4 кейс бойынша тек бір ғана материалдың шыққанынан аңғарамыз.

Ал тәуелсіз және гибрид медиалар көбіне бейтарап позияцияда болды. Олар ақпаратты объектив беруге тырысты. Оқиға орнына барды, фото-видео репортаждар жасады, қатысушылардан бір-екі пікір алды. Бейбіт митиңдегі белсенділердің айтар ойын, көтерген проблемаларын, ұрандарын жалпақ жұртқа жеткізіп отырды. Жалпы айтқанда, тәуелсіз және гибрид медиалар бейбіт митиң образын барынша ашық көрсетті. 4 кейс бойынша 22 материал жарық көрді.


Қоғамдық пікір лидерлері мен әртүрлі парақшалар кіріптар сайттарға қарағанда көбірек еркін форматта ақпарат тарата алады. Дегенмен біз тапқан ақпаратқа қарасақ, көбіне негатив форматта баға берген. Кейбірі маршқа байланысты діни, мәдени және салт-дәстүрге қатысты көзқарасты алға тартып, түрлі посттар жазды. Орташа негатив әсіресе, фейсбуктағы пікір лидерлерінде көбірек көрініс тапты. Ал парақшаларда мәтіні бірдей посттар көп тарады. Яғни көптеген парақшаның админі бір екенін әрі қоғамдық

нарративті өндіріп отырғанын байқадық. Одан бөлек бейбіт митиң туралы жазып тұратын Rukh2k19 парақшасы бастан аяқ әрбір жиынды жазып, оқырманды ақпаратпен қамтамасыз етіп отырды.

Мемлекеттік медиалардың бейбіт митиңдерді жарияламауының бірнеше салдары болуы мүмкін. Біріншіден, бұл азаматтардың ақпаратқа қол жетімділігін шектеп, қарастырылып отырған мәселелер бойынша өз пікірін қалыптастыруға кедергі келтіруі ықтимал. Бұл сондай-ақ наразылық білдірушілер арасында оқшаулану мен дәрменсіздік сезімін тудыруы мүмкін.

Сонымен қатар, ақпараттың болмауы мемлекет тарапынан есептің жоқтығына алып келеді, өйткені оның әрекеттерін тәуелсіз бақылау немесе қадағалау болмайды. Бұл билікті асыра пайдалану, коррупция мен адам құқықтарының бұзылуы байқалмай қалатын жағдай туғызуы мүмкін.

Біздің бір байқағанымыз, мемлекет жалпы бейбіт митиңдер жайлы образды негатив түрде қалыптастыруға тікелей әсер етпесе де, жанама түрде әртүрлі тетіктер (қоғамдық пікір лидерлері мен парақшалар) арқылы жүзеге асыруға тырысады. Дегенмен, нақты образын анықтау үшін әлі де зерттеулер керек екенін атап кеткеніміз жөн.



Мониториң мен жоғарыда жазылған талдау нәтижесінде мемлекет пен мемлекеттік институттарға келесідей ұсыныс жасалады:

- 1. Сөз бостандығын және жиналу еркіндігін қамтамасыз ету:** Мемлекет адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқықта бекітілген азаматтардың бейбіт жиындар мен сөз бостандығы құқықтарына кепілдік беруі керек. Бұл бейбіт митингдерге қатысу кезінде азаматтарды қорқытудан, қудалаудан немесе зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтиды.
- 2. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен плюрализмін қолдау:** Мемлекет азаматтардың кең ауқымды пікірлер мен ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарының плюрализмін ынталандыруы керек. Бұған бұқаралық ақпарат құралдарына иелік ету ережелерін әлсірету, қоғамдық БАҚ-ты алға жылжыту және тәуелсіз БАҚ-қа қолдауды арттыру сияқты шаралар кіруі мүмкін.
- 3. Сындарлы диалог пен өзара әрекеттесуге ықпал ету:** Мемлекет азаматтармен және азаматтық қоғам топтарымен мәселелер мен шағымдарды шешу үшін конструктивті диалогқа түсуі керек. Бұған қоғамдық консультациялар, қалалық мәжілістер мен онлайн форумдар сияқты азаматтардың қатысуын қамтамасыз ететін арналарды құру кіреді.
- 4. Жалған ақпаратпен күрес:** Мемлекет жалған ақпаратпен күресу үшін шаралар қабылдауы керек. Бұл азаматтардың медиа сауатын көтеру мен фактчекиң дағдыларын қолдауды қамтуы мүмкін.
- 5. Зорлық-зомбылық я қатыгездік танытқандарды тергеу:** Мемлекет бейбіт наразылық білдірушілерге зорлық-зомбылық не қатыгездік танытқандарды (соның ішінде қауіпсіздік күштері мен басқа мемлекеттік органдарды да) тергеуге және қудалауға міндетті. Бұл мемлекеттің азаматтардың бейбіт жиындар мен пікір білдіру құқықтарын жоғары бағалайтынын және мұндай әрекеттерге жол берілмейтінін көрсететін күшті сигнал саналады.

6. Тәуелсіз мониториң мен талдауларды ынталандыру:

Мемлекет бейбіт митидерге қатысты өзінің саясаты мен тәжірибесіне, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және құқық қорғау органдарының әрекетіне тәуелсіз мониториң мен бағалауды ынталандыруы керек. Бұл азаматтардың сенімін арттыруға және мемлекеттің өз азаматтары алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

